## 2008 жылғы 1 тамыздағы банк секторының ағымдағы жай-күйі[1]

Қазақстанда 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 35 екінші деңгейдегі банк жұмыс істеуде, оның ішінде Алматы қаласында 33 банк, банктердің 372 филиалы және 2 137 қосымша үй-жайлары орналасқан.

| Банк секторының құрылымы | 1.01.08 | 1.08.08 |
|---|---|---|
| Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде: | 35 | 35 |
| - жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысы бар банктер[2] | 1 | 1 |
| Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны | 352 | 372 |
| Екінші деңгейдегі банктердің қосымша үй-жайларының саны | 2029 | 2 137 |
| Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны | 17 | 16 |
| Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер өкілдіктерінің саны | 26 | 29 |
| Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны | 33 | 34 |
| Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктердің саны | 10 | 11 |

**Капитал.** Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық есептік меншікті капиталының[3] мөлшері 2008 жылдың басынан бастап 202,7 млрд. теңгеге (11,4%-ға) ұлғайды және 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 1 982,9 млрд. теңге болды. Бұл ретте, бірінші деңгейдегі капитал 19,2%-ға 1 530,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 7,8%-ға немесе 515,2 млрд. теңгеге дейін азайды.

*млрд. тенге*

| Атауы | 01.01.2008 | 01.08.2008 | Өсімі, %-бен |
|---|---|---|---|
| 1-ші деңгейдегі капитал | 1 284.0 | 1 530.6 | 19.2 |
| Жарғылық капитал | 940.2 | 983.2 | 4.6 |
| Қосымша капитал | 3.8 | 4.8 | 26.3 |
| 2-ші деңгейдегі капитал | 558.9 | 515.2 | -7.8 |
| Реттелген борыш | 460.9 | 541.9 | 17.6 |
| 3-ші деңгейдегі қапитал | 1.7 | 1.5 | -11.8 |
| Банк инвестициялары[4] | 64.4 | 64.4 | 0,0 |
| Барлық меншікті есеп айрысу капиталы | 1 780.2 | 1 982.9 | 11.4 |

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша банк секторының меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері k1 – 0,12 (0,06 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,05), k2 – 0,15 (0,12 нормативі кезінде) (қатысушысы банк холдингі болып табылатын банк үшін нормативі – 0,10) болды.

| Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері | 1.01.08 | 1.08.08 |
|---|---|---|
| Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1) | 0,11 | 0,12 |
| Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2) | 0,14 | 0,15 |
| Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы | 0,20 | 0,22 |
| Меншікті капиталдың несие портфелі бойынша құрылған провизияларға қатынасы | 3,41 | 2,76 |
| Есептік меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы | 0,34 | 0,40 |
| Есептік меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы | 13,55 | 7,92 |

Сонымен бірге, жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер балансы бойынша меншікті капитал 116,2 млрд. теңгеге (8,2%) өсті және есепті күнге 1 541,4 млрд. теңгені құрады.

**Активтер.** 2008 жылғы шілдеде банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 502,5 млрд. теңгеге (4,3%-ға) өсті және есепті күнге 12 187,1 млрд. теңге болды.

| Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы | 1.01.08 | | 1.08.08 | | Өсімі, (%-бен) |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металлдар және корреспонденттік шоттар | 1 013,1 | 8,7 | 932,0 | 7,6 | - 8,0 |
| Басқа банктерде орналастырылған салымдар | 642,5 | 5,5 | 903,6 | 7,4 | 40,6 |
| Бағалы қағаздар | 787,8 | 6,7 | 913,3 | 7,5 | 15,9 |
| Банктік займдар және «кері РЕПО» операциялары | 8 868,3 | 75,9 | 8 955,3 | 73,5 | 1,0 |
| Капиталға инвестиция | 222,5 | 1,9 | 254,4 | 2,1 | 14,3 |
| Басқа активтер | 150,40 | 1,3 | 228,5 | 1,9 | 51,9 |
| Активтердің барлығы | **11 684,6** | **100** | **12 187,1** | **100** | 4,3 |

Банктер активтерінің құрылымында банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары (73,5%), қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар (7,6%), бағалы қағаздар портфелі (7,5%), басқа банктерде орналастырылған салымдар (7,4%) үлкен үлес алады. Банктік заемдар және «кері РЕПО» операциялары – 87,0 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға өсті, қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металдар және корреспонденттік шоттардағы қалдықтар – 81,1 млрд. теңгеге немесе 8,0%-ға азайды, бағалы қағаздар – 125,5 млрд. теңгеге немесе 15,9%-ға өсті, басқа банктерде орналастырылған салымдар – 261,1 млрд. теңгеге немесе 40,6%-ға өсті, капиталға инвестиция – 31,9 млрд. теңгеге немесе 14,3%-ға өсті.

Жылдың басынан бастап баланс бойынша[4] мерзімі өткен берешек 100,5 млрд. теңгеден 86,2 млрд. теңгеге (85,8%) өсті және есепті күнге 186,7 млрд. теңге болды.

Мерзімі өткен сыйақы көрінісі бойынша шоттардағы қалдықтар жылдың басынан 18,8 млрд. теңгеге немесе 2,1 есеге өсті және 2008 жылғы 1 тамызда 36,2 млрд.теңгені құрады.







Жыл басынан бастап жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері 690,5 млрд. теңгеге (5,2%-ға) 14 068,2 млрд. теңгеге дейін өсті.

Стандартты активтер мен шартты міндеттемелердің үлес салмағы 60,5% болды, күмәнділер үлесі – 41,6%-дан 37,6%-ға дейін азайды, үмітсіз активтер мен шартты

міндеттемелер үлесі 1,9% болды.

| Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы | 1.01.08 | | 1.08.08 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығында %-бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге |
| **Барлық активтер мен шартты міндеттемелер** | **13 377,7** | **100** | **14 068,2** | **100** |
| **Стандартты** | **7 677,7** | **57,4** | **8 508,9** | **60,5** |
| **Күмәнді** | **5 559,9** | **41,6** | **5 290,3** | **37,6** |
| 1-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 4 266,8 | 31,9 | 3 557,0 | 25,3 |
| 2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 578,1 | 4,3 | 502,5 | 3,6 |
| 3-санатты күмәнді –төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 543,2 | 4,1 | 878,3 | 6,2 |
| 4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 63,1 | 0,5 | 165,5 | 1,2 |
| 5-санатты күмәнді | 108,7 | 0,8 | 187,0 | 1,3 |
| **Үмітсіздері** | **140,1** | **1,0** | **269,0** | **1,9** |

Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 39,7%-дан 41,4%-ға дейін өсті, күмәнді кредиттердің үлесі 58,8%-дан 55,8%-ға дейін азайды, бұл ретте үмітсіз кредиттердің үлесі 1,5%-дан 2,8%-ға дейін өсті.

| Несие портфелі сапасының динамикасы | 1.01.08 | | 1.08.08 | |
|---|---|---|---|---|
| | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығында %-бен | негізгі борыш сомасы, млрд. теңге | жиынтығында %-бен |
| **Несие портфелінің барлығы** | **8 868,3** | **100** | **8 955,3** | **100** |
| **Стандартты** | **3 518,2** | **39,7** | **3 710,1** | **41,4** |
| **Күмәнді** | **5 218,7** | **58,8** | **4 994,8** | **55,8** |
| 1-санатты күмәнді - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 3 950,4 | 44,5 | **3 277,9** | **36,6** |
| 2-санатты күмәнді – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде | 572,2 | 6,5 | **498,0** | **5,6** |
| 3-санатты күмәнді – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде | 533,4 | 6,0 | **872,0** | **9,7** |
| 4-санатты күмәнді - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде | 57,9 | 0,6 | **163,4** | **1,8** |
| 5-санатты күмәнді | 104,8 | 1,2 | **183,5** | **2,1** |
| **Үмітсіздері** | **131,4** | **1,5** | **250,5** | **2,8** |




Нақты қалыптастырылған провизиялар сомасы 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 717,8 млрд. теңге болды немесе екінші деңгейлі банктердің несие портфелінің 8,0% құрайды. Ағымдағы жылдың басынан провизиялар 196,1 млрд. теңгеге немесе 37,6% көбейді. 2008 жылғы 1 тамыздағы жалпы провизиялар ағымдағы жылдың басынан 4,4 есе көбейіп, берілген несиелер бойынша қалыптастырылған провизия сомасының 0,2% немесе 1,1 млрд. теңгені құрады. Арнайы провициялар жылдың басымен салыстырғанда 37,4% көбейіп, 716,7 млрд. теңгені құрайды.




Негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша 90 күннен аса мерзімі өткен берешегі бар заемдар ағымдағы жылдың 1 тамызында 385,9 млрд. теңгені немесе банктердің несие портфелінің 4,3% құрайды.

**Міндеттемелер.** 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 386,2 млрд. теңгеге (3,8%-ға) ұлғайды да, есепті кезеңнің соңына 10 645,7 млрд. теңге болды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелері құрылымында арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 70,6 млрд.теңгеге немесе 2,8%-ға азайды, жеке тұлғалар алдындағы міндеттемелер 47,1 млрд. теңгеге немесе 3,3%-ға өсті, басқа банктерден және банк

операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған займдар 133,7 млрд. теңгеге 1 664,5 млрд. теңгеге дейін азайды.

| Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 1.01.08 | | 1.08.08 | | Өсімі, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Банкаралық салымдар | 319,9 | 3,1 | 307,5 | 2,9 | -3,9 |
| Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар | 1 798,20 | 17,5 | 1 664,5 | 15,6 | -7,4 |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған займдар | 7,7 | 0,1 | 5,7 | 0,1 | -26,2 |
| Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған займдар | 85,1 | 0,8 | 91,3 | 0,9 | 7,2 |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 2 447,1 | 23,9 | 3 022,4 | 28,4 | 23,5 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 1 447,9 | 14,1 | 1 495,0 | 14,0 | 3,3 |
| Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 24,7 | 2 458,4 | 23,1 | -2,8 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 467,6 | 4,6 | 442,6 | 4,1 | -5,4 |
| Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары | 245,4 | 2,4 | 155,7 | 1,5 | -36,6 |
| Өзге міндеттемелер | 911,60 | 8,8 | 1 002,8 | 9,4 | 10,0 |
| **Міндеттемелердің барлығы** | **10 259,50** | **100** | **10 645,7** | **100** | 3,8 |







Заңды және жеке тұлғалардың салымдары[5] 2008 жылдың басынан 551,8 млрд. теңгеге немесе 8,6%-ға ұлғайды және 2008 жылғы 1 тамызда 6 975,8 млрд. теңге болды.

Жылдың басынан жеке тұлғалардың салымдары 3,3%-ға немесе 47,1 млрд. теңгеге өсті. Заңды тұлғалардың салымдары 23,5%-ға немесе 575,3 млрд. теңгеге өсті

| Клиенттердің салымдары | 1.01.08г. | | 1.08.08г. | | Өсімі, %-бен | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | барлығы | оның ішін-де шет. валюта-сында | барлығы | оның ішін-де шет. валюта-сында | барлығы | оның ішін-де шет. валюта-сында |
| **Салымдардың барлығы, оның ішінде:** | **6 424,0** | **3 807,8** | **6 975,8** | **3 976,1** | **8,6** | **4,4** |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 2 447,1 | 786,1 | 3 022,4 | 1 023,6 | 23,5 | 30,2 |
| Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 2 476,9 | 2 458,4 | 2 406,3 | -2,8 | -2,8 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 1 447,9 | 544,7 | 1 495,0 | 546,2 | 3,3 | 0,3 |

**ҚР резиденті еместерге қойылатын талаптар.** Ағымдағы жылдың басынан резидент еместерге қойылатын талаптардың мөлшері 165,6 млрд.теңге (6,1%) өсті және есепті күнге 2 868,7 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер активтерінің жалпы сомасында резидент еместерге қойылатын талаптардың үлесі 23,5% болды. Резидент еместерге қойылатын талаптардың құрылымында негізгі үлесті банктік займдар мен «кері РЕПО» операциялары алуда - 52,2% немесе 1 497,6 млрд. теңге, басқа банктерде орналастырылған салымдар 20,4% немесе 586,1 млрд.теңге негізгі үлес алды.

| Банк секторының ҚР резиденті еместерге қоятын жиынтық талаптардың динамикасы және құрылымы | 1.01.2008 | | 1.08.2008 | | Өсімі %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығына % -бен | млрд. теңге | жиынтығына % -бен | |
| Қолма-қол ақша, тазартылған қымбат металлдар және корреспонденттік шоттар | 330,5 | 12,2 | 257,6 | 9,0 | -22,1 |
| Басқа банктерге орналастырылған салымдар | 492,2 | 18,2 | 586,1 | 20,4 | 19,1 |
| Бағалы қағаздар | 321,6 | 11,9 | 291,4 | 10,1 | -9,4 |
| Банктік займдар және "кері РЕПО" операциялары | 1 413,6 | 52,3 | 1 497,6 | 52,2 | 5,9 |
| Капиталға инвестиция | 60,1 | 2,2 | 90,7 | 3,2 | 50,9 |
| Өзге активтер | 85,1 | 3,2 | 145,3 | 5,1 | в 1,7 раза |
| ҚР резидент еместері алдындағы талаптардың барлығы | **2 703,1** | **100** | **2 868,7** | **100** | 6,1 |

**ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер.** 2008 жылдың басынан екінші деңгейдегі банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің жалпы сомасы 361,8 млрд.теңгеге (6,6%) азайды және есепті кезеңнің соңына 5 102,0 млрд.теңге болды. Екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасында резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша жылдың басымен салыстырғанда 540 базистік тармаққа азайып, 47,9% болды.

| Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы | 1.01.2008 | | 1.08.2008 | | Өсімі, %-бен |
|---|---|---|---|---|---|
| | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | млрд. теңге | жиынтығында %-бен | |
| Банкаралық салымдар | 154,6 | 2,8 | 163,5 | 3,2 | 5,7 |
| Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен басқа банктерден алынған займдар | 1 709,00 | 31,3 | 1 558,3 | 30,5 | -8,8 |
| Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған займдар | 85,1 | 1,6 | 91,2 | 1,8 | 7,2 |
| Заңды тұлғалардың салымдары | 154,7 | 2,8 | 69,7 | 1,4 | -54,9 |
| Жеке тұлғалардың салымдары | 29,2 | 0,5 | 34,9 | 0,7 | 19,6 |
| Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары | 2 529,0 | 46,3 | 2 458,4 | 48,2 | -2,8 |
| Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар | 316,1 | 5,8 | 283,7 | 5,6 | -10,3 |
| Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары | 121,8 | 2,2 | 57,7 | 1,1 | -52,7 |
| Өзге міндеттемелер | 364,3 | 6,7 | 384,6 | 7,5 | 5,6 |
| **ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелердің барлығы** | **5 463,8** | **100** | **5 102,0** | **100** | **-6,6** |

**Өтімділік.** 2008 жылғы 1 шілдеден бастап мерзімді және мерзімді валюталық өтімділікті 7, 30 және 90 күнге дейін реттеуге бағытталған өтімділік бөлігіндегі түзетулер күшіне енді.

2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша өтімділікті есептеуге көзделген өзгерістерді ескергенде 7, 30 және 90 күнге дейін мерзімді өтімділік коэффициенттерін бұзу анықталмады.

Бұл ретте жалпы банк жүйесі бойынша 2008 жылғы 1 тамызда:

7 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (k4-1) нормативі 1 болған кезде 4,4 болды,

30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (k4-2) нормативі 0,9 болған кезде 3,1 болды,

30 күнге дейінгі мерзімді өтімділік коэффициенті (k4-3) нормативі 0,8 болған кезде 2,0 болды.

«А»-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар елдердің шетел валюталары және Еуро валютасы бойынша мерзімді валюталық өтімділік коэффициенті сондай-ақ барлық банктермен орындалуда.

**Кірістілік.** 2008 жылғы 1 тамызда екінші деңгейдегі банктер табыс салығын төлегеннен кейін 75,8 млрд. теңге мөлшерінде (2007 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша – 143,1 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 1 512,1 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 тамызда – 927,7 млрд. теңге), шығыстар – 1 436,3 млрд. теңге (2007 жылғы 1 тамызда – 784,6 млрд. теңге) болды.

*млрд. тенге*

| Банк секторының кірістілігі | 1.08.07 | 1.08.08 | Өсімі, %-бен |
|---|---|---|---|
| Сыйақы алуға байланысты кірістер | 659,5 | 844,2 | 28,0 |
| Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар | 351,7 | 454,1 | 29,1 |
| **Сыйақы алуға байланысты таза кіріс** | **307,8** | **390,1** | 26,7 |
| Сыйақы алуға байланысты емес кірістер | 267,3 | 667,9 | в 2,5 раза |
| Сыйақы төлеуге байланысты емес шығыстар | 406,4 | 959,5 | в 2,4 раза |
| **Сыйақы алумен байланысты емес таза кіріс (шығын)** | **-139,0** | **-291,6** | в 2,1 раза |
| **Көзделмеген баптар** | **0,9** | **-** | - |
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс | 169,0 | 98,6 | -41,7 |
| Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар | 25,9 | 22,7 | -12,4 |
| Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс | 143,1 | 75,8 | -47,0 |

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген займдар бойынша (89,8% немесе 758,1 млрд. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша төленген сыйақыларға байланысты шығыстар (64,6% немесе 293,1 млрд. теңге) орын алады. Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) 1,64% (01.08.07ж. жағдай бойынша – 2,60%) болса, табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) – 13,74% болды (01.08.07ж. жағдай бойынша – 23,95%).

| Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер | 1.08.07 | 1.08.08 |
|---|---|---|
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) | 2,60 | 1,64 |
| Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің баланс бойынша меншікті капиталға қатынасы (ROE) | 23,95 | 13,74 |
| Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы | 11,52 | 12,21 |
| Кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несие портфеліне қатынасы | 13,93 | 14,97 |
| Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы | 30,17 | 44,41 |
| Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы | 6,90 | 7,37 |
| Резерв жасау шығыстарының жиынтық активтерге қатынасы | 2,38 | 6,27 |

**Банк секторының шоғырлануы.** 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 59,8% құрады, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 60,4% құрады. 3 ірі банктің банк секторының жиынтық несие портфеліндегі кредиттерінің үлесі 62,9% болды. 2008 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 61,9%-ы келеді.

| Жиынтық банк секторынан үлес | 1.01.08 | 1.08.08 |
|---|---|---|
| Үш ірі банктің активтері | 59,3 | 59,8 |
| Үш ірі банктің міндеттемелері | 59,6 | 60,4 |
| Үш ірі банктің меншікті капиталы | 57,0 | 56,3 |
| Үш ірі банктің несие портфелі | 61,4 | 62,9 |
| Үш ірі банктің клиенттерінің салымдары[6], оның ішінде: | 64,6 | 63,5 |
| - заңды тұлғалардың | 65,0 | 63,9 |
| - жеке тұлғалардың | 63,1 | 61,9 |




Экономикадағы банк секторының рөлі

| Қазақстан экономикасындағы банк секторының рөлін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы | 1.01.02 | 1.01.03 | 1.01.04 | 1.01.05 | 1.01.06 | 1.01.07 | 1.01.08 | 1.08.08 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖІӨ млрд.теңге[7] | 3 250,6 | 3 747,2 | 4 612,0 | 5 870,0 | 7 453 | 10 139,5 | 12 726,0 | 15 046,7 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, % | 25,1 | 30,6 | 36,3 | 45,8 | 60,6 | 87,5 | 91,8 | 81,0 |
| Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, % | 15,9 | 19,1 | 23,6 | 30,9 | 41,1 | 59,1 | 69,7 | 59,5 |
| Есептік меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, % | 3,8 | 4,3 | 5,1 | 5,9 | 7,9 | 11,5 | 14,0 | 13,2 |
| Клиенттер салымдарының ЖІӨ-ге қатынасы, % | 15,0 | 18,6 | 21,1 | 27,4 | 33,9 | 46,5 | 50,5 | 46,4 |

[1] - 01.08.08 жылғы жағдай бойынша ақпарат «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мәліметтерін ескерусіз берілді;
[2] - «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ Банкі» АҚ. АО "Жилищный строительный сберегательный банк Казахстана";
[3] - уәкілетті орган бекіткен Екінші деңгейдегі банктерге арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу методикасы және нормативтік мәні жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес;
[4] - баланс бойынша мерзімі өткен берешекке клиенттердің заем, факторинг, форфейтинг, қаржы лизингі бойынша берешектері кіреді (1306, 1309, 1327, 1328, 1409, 1421, 1423, 1424 шоттары); заемдар бойынша мерзімі өткен сыйақы 1741, 1731, 1734 б/шоттарында көрсетілген
[5] - 2222 шотын "Арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары" қоса есептегенде;
[6] - клиенттердің салымдары туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттары есебімен берілді;
[7] – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің нақтыланған деректері бойынша 2007 жылға -12 726,0 млрд.тенге; Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжам деректері бойынша 2008 жылға -15 046,7 млрд.тенге.